

**Аманбаева Айсұлу,
Гаршин орта мектебінің 6 сынып оқушысы**



Мен Қазақстан мемлекетінің елордасы Астана қаласы туралы сыр шерткім келеді. Астана – жас, жастардың қаласы аталып отырған, жедел дамып келе жатқан қала. Қаланың сәулеті асқан шеберлікпен, сүйіспеншілікпен жасалып отыр. Қала көшелері түзу, жасыл желекке бөленген. Әдемі де биік үйлер мен түрлі ғимараттар бой көтерген. Субұрқақтар кешке түрлі түске боялып, мөлдір суын аспанға атады. Тұрғын үйлердің өзі ерекше көз тартып, мен мұңдалап тұрғандай әсер береді. Олардың сән – салтанаты бірінен бірі өтеді.

Қала тез дамып, көркейіп, әлемдегі белгілі астаналар қатарынан көрінуде. Әлемде 160 мемлекет бар екен. Әр мемлекеттің өзіне тән сипаттары мен белгілері, мемлекеттік нышандары бар, астанасы мен ұлттық құндылықтары мен менталитеті бары сөзсіз. Қазақстанның мемлекеттік нышандары: ту, елтаңба, әнұран. Қазақстандық әр азамат оларды қадір тұтуы тиіс. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. әрбәр қазақстандық азамат қазақ тілін үйренуге құлшыныс жасауы керек. Мен елімді, жерімді сүйемін және Қазақстан өркениетті елдер қатарынан табылып, озық елу елмен иық тірестіргенін қалаймын.

Ал елімнің алғашқы Президенті, ең басты адамы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, біздің ағамыз. Елімнің қиын – қыстау уақыттан алып шығып, орасан еңбек төгіп отырған аға – апаларымыз өте көп.

Біз тұңғыш Президентіміздің бастамаларын қолдаймыз. Көбінесе елдегі жаңалықтар туралы теледидардан көріп, радиодан тыңдаймыз. Болып жатқан жақсы хабарларды үй ішмізбен тыңдап, қуанып отырамыз. Қазір көптеген мектептер, балабақшалар, оқу орындары мен емханалар ашылуда. Бұл істердің басты мақсаты - Қазақстан халқының әл – ауқатын көтеру, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеру болып табылады.

Мен Астана қаласының құрдасымын. Астананың өсуі – менің өсуім деп білемін. Қазақстан – менің Отаным. Мен елімді, туып-өскен жерімді сүйемін!

[Введите текст]

Мына өлең жолдары ең басты қаламызға арналады:

Астана

Астана – сұлу қала.

Астана – арман қала.

Тұрады ол жап – жасыл болып,

Сүйеміз оны шыныда да,

Бағы бір жанған қала.

Төкті оған нұрын дала.

Астана – биігіміз,

Биіктер күнге жақын.